

2020 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 10/01 қаулысы.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 5710 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17583 болып тіркелген) Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

2020 жылғы " " _____

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 20 ақпаны
№ 10/01
қаулысына қосымша

2020 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

			Акваөсіру (балық өсіру			Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы)
--	--	--	------------------------	--	--	--

№ реттік саны	Тауарлық балық өнімдерінің түрлері	2020 жылға өнім өндірісінің жоспарланған көлемі, килограмм	шаруашылығы) өнімдерінің 1 килограмм өндірісіне азық шығындарына берілетін субсидиялардың бекітілген нормативі, килограмм	Бекітілген норматив бойынша жалпы азық шығыны, килограмм (3 бағана x 4 бағана)	1 килограмм өнімге шығындар есебінен балықтар азығына берілетін субсидиялардың бекітілген шекті сомасы, теңге	Азық сатып алуға жұмсалатын барлық шығын, мың теңге (5 бағана x 6 бағана)	өзіндік құнын арзандату үшін жоспарланған субсидиялардың көлемі, мың теңге (азық сатып алуға жұмсалатын барлық шығынның 30%)
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Албырт және оның буданы	11000	1,2	13200	270	3 564	1 069 000
2	Бекіре және оның буданы	3000	1,5	4500	285	1283	385 000
3	Тұқы және оның буданы	229961	4	919844	105	96 584	28 975 000
	БАРЛЫҒЫ						30 429 000